

Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 14 қазандағы № ҚР ДСМ-130/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 қазанда № 21444 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 7-бабының 38) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Преамбула жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушы*

М. Шоранов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 14 қазаны
№ ҚР ДСМ-130/2020
бұйрыққа 1-қосымша

Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 38) тармақшасына сәйкес әзірленді және республикалық және жергілікті деңгейлерде өткізілетін денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды (бұдан әрі – аттестаттау) жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) мүдделер қақтығысы – аттестаттау комиссиясы мүшесінің жеке мүдделілігі объективті шешім қабылдауға әсер етуі мүмкін жағдай;

2) бағалау жөніндегі ұйым – денсаулық сақтау саласындағы білім алушылардың, кәсіптік даярлық түлектерінің және мамандардың білімі мен дағдыларын бағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган аккредиттеген ұйым.

Ескерту. 1-тарау 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

2. Аттестаттауды Кодекстің 26-бабының 6-тармағында белгіленген кезеңде, Кодекстің 26-бабының 3, 4 және 5-тармақтарында көрсетілген денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдар жүргізеді.

3. Аттестаттауға мынадай адамдар жатады:

1) азаматтардың денсаулығын сақтау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүргізетін республикалық деңгейде:

уәкілетті органға ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары және олардың орынбасарлары, филиалдардың басшылары;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары.

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жүргізетін жергілікті деңгейде:

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшылары және олардың орынбасарлары;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі – денсаулық сақтау басқармалары) жүргізетін жергілікті деңгейде: оларға ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары және олардың орынбасарлары.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

4. Аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

- 1) аттестаттау жүргізу тәртібін ұйымдастыру;
- 2) тестілеуді өткізу;
- 3) әңгімелесуді өткізу.

2-тарау. Аттестаттау жүргізу тәртібі

5. Аттестаттауды республикалық деңгейде жүргізуді ұйымдастыру уәкілетті органның құрылымдық бөлімшесінің жауапты тұлғасына (бұдан әрі – жұмыс органының жауапты тұлғасы), жергілікті деңгейде – ЖАО-нда аттестаттауды жүргізуді ұйымдастыру үшін жауапты тұлғасына (бұдан әрі – ЖАО-ның жауапты тұлғасы) және Денсаулық сақтау басқармасында аттестаттауды жүргізуді ұйымдастыру үшін жауапты тұлғасына (бұдан әрі – Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасы) жүктеледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

6. Жұмыс органының, ЖАО-ның және Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғалары аттестатталатын адамдардың тізімін қалыптастыру үшін аттестаттауға жататын адамдар туралы деректерді, оның ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адамдардың қызметтік тізімдерін жинақтайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

7. Аттестаттауға жататын адамдардың тізімдерін, аттестаттау жүргізу кестесін және аттестаттау комиссияларының құрамын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

8. Аттестаттау комиссиясы республикалық және жергілікті деңгейлерде қалыптастырылады.

Республикалық аттестаттау комиссиясының құрамына уәкілетті органның, денсаулық сақтау ұйымдарының, медициналық білім беру ұйымдарының өкілдері енгізіледі, сондай-ақ келісім бойынша үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың өкілдері енгізіледі.

Жергілікті аттестаттау комиссиясының құрамына денсаулық сақтау басқармаларының басшыларын және олардың орынбасарларын аттестаттауды өткізу

үшін ЖАО-ның, уәкілетті органның және оның ведомстволарының, медициналық білім беру ұйымдарының, уәкілетті органға бағынысты денсаулық сақтау ұйымдары филиалдарының өкілдері енгізіледі, сондай-ақ келісім бойынша үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың өкілдері енгізіледі.

Жергілікті аттестаттау комиссиясының құрамына денсаулық сақтау басқармаларына ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларын және олардың орынбасарларын аттестаттауды өткізу үшін денсаулық сақтау басқармаларының, медициналық білім беру ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ келісім бойынша үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың өкілдері енгізіледі.

Аттестаттау комиссиясының құрамына үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың өкілдерін енгізуді келісу жұмыс органының, ЖАО-ның және Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғалары аталған ұйымдарға ресми сұрау салуды жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Аттестаттау комиссиясының құрамына үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың өкілдерінен басшылар және олардың орынбасарлары лауазымдарын атқаратын тұлғалар енгізіледі.

Аттестаттау комиссиясының құрамына мүдделер қақтығысы бар адамдар енгізілмейді.

Мына жағдайлар мүдделер қақтығысы болып саналады:

1) аттестаттау комиссия мүшесі аттесталатын адаммен неке (ерлі-зайыптылық) қатынаста болса;

2) аттестаттау комиссия мүшесі аттесталатын адаммен жақын туыстық байланыстарында болса.

Аттестаттау комиссиясы мүшесінде аттестатталатын адаммен мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, жұмыс органының, ЖАО-ның және Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғалары анықталған кезден бастап 3 жұмыс күні ішінде тиісті мемлекеттік орган басшысының бұйрығына өзгерістер енгізу жолымен мүдделер қақтығысы туындаған аттестаттау комиссиясының мүшесін шығарады.

Аттестаттау комиссиялары мүшелерінің саны кемінде бес адамды құрайды. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің арасынан төраға тағайындалады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

9. Жұмыс органының, ЖАО-ның және Денсаулық сақтау басқарманың жауапты тұлғалары аттестаттау басталғанға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей аттестаттау жүргізу мерзімдері, оның ішінде аттестатталатын адамдар мен аттестаттау жүргізу кестелері туралы хабарламаны тиісті кадр қызметтеріне жібереді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

10. Аттестаттауды республикалық деңгейде өткізу үшін жұмыс органының жауапты тұлғасы уәкілетті органға ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының кадр қызметтері ұсынған деректер бойынша аттестатталатын адамдардың тізімін қалыптастырады.

Жергілікті деңгейде ЖАО-ның жауапты тұлғасы Денсаулық сақтау басқармаларының кадр қызметтері ұсынған деректер бойынша аттестатталатын адамдардың тізімін қалыптастырады.

Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасы Денсаулық сақтау басқармаларына ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының кадр қызметтері ұсынған деректер бойынша аттестатталатын адамдардың тізімін қалыптастырады.

Тестілеу басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын жұмыс органының, ЖАО-ның және Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғалары бағалау жөніндегі ұйымға аттестатталатын адамдардың жалпы тізімін жібереді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (19.01.2026 бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

11. Тест сұрақтарын бекіту үшін уәкілетті органның сараптау комиссиясы құрылады (бұдан әрі – сараптау комиссиясы).

Сараптау комиссиясы уәкілетті орган қызметкерлерінің, сондай-ақ менеджмент және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы мамандардың арасынан құрылады және кемінде бес адамнан тұрады.

12. Жұмыс органының жауапты тұлғасы аттестаттау басталғанға дейін бағалау жөніндегі ұйымға әзірленген тест тапсырмаларын сараптау комиссиясына ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жібереді.

Сараптау комиссиясы әзірленген тест сұрақтарын 3 (үш) жұмыс күн ішінде қарайды. Қарау нәтижелері бойынша сараптау комиссиясы барлық комиссия мүшелерінің шоғырландырылған пікірінің негізінде қорытынды ұсынады. Бұл ретте, тест тапсырмаларын мақұлдау не мақұлдамау туралы шешім бірауыздан қабылданады.

13. Сараптау комиссиясы тест тапсырмаларын қабылдаған жағдайда бағалау жөніндегі ұйым оларды өзінің ресми интернет-ресурсына, бірақ аттестаттау басталғанға дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей орналастырады.

14. Сараптау комиссиясы мүшелерінің бірі тест тапсырмаларын қабылдамаған жағдайда тест тапсырмалары – қабылданбаған деп есептеледі және әр тест тапсырмасы бойынша ескертулер мен ұсынымдар ұсыныла отырып қабылданбайды.

Тест тапсырмалары қабылданбаған жағдайда, жұмыс органының жауапты тұлғасы бағалау жөніндегі ұйымға әрбір тест тапсырмасы бойынша сараптау комиссиясының ескертулері мен ұсынымдарын жібереді.

Бағалау жөніндегі ұйым барлық ескертулерді түзетіп, 2 (екі) жұмыс күні ішінде мақұлдауды алу үшін тест тапсырмаларын сараптау комиссиясына қарауға қайта жібереді.

3-тарау. Тестілеуді өткізу тәртібі

15. Тест бағалау жөніндегі ұйымның базасында электрондық форматта өткізіледі, тест тапсырмаларының саны 100 (жүз) сұрақтан тұрады.

16. Тестілеуге Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаты бар аттестатталатын адамдар жіберіледі.

17. Тестілеуге қатысу үшін аттестатталатын адам тестілеу басталатын уақыттан кешікпей тестілеу залына келеді.

Аттестатталатын адамды тестілеу уақыты мен күні туралы жұмыс органының жауапты тұлғасы немесе Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасы тестілеу басталғанға дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын хабардар етеді.

18. Тестілеуге жіберу кезінде қол және/немесе рамалы типтегі металл іздегіштер қолданылады. Тестілеуге жіберу кезінде металл іздегіштерді қолдану тестілеуді өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ тыйым салынған заттарды кіргізуге жол бермеу шеңберінде жүзеге асырылады.

19. Тестілеу басталғанға дейін бағалау жөніндегі ұйымның операторы аттестатталатын адамдарды тестілеу тәртібімен таныстырады және тестілеу рәсімі бойынша туындаған сұрақтарға жауап береді.

20. Тестілеу сәтінде өзін нашар сезінген аттестатталатын адам бұл туралы тестілеу басталғанға дейін бағалау жөніндегі ұйымның операторына хабарлайды. Мұндай жағдайда осындай адамдарды тестілеу осы күн ішінде басқа уақытта немесе тестілеу кестесіне сәйкес басқа күні өткізіледі.

21. Тестілеу залы тестілеу процессінің бейнежазбасын жүргізу үшін бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Бейнебақылау жазбалары тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде бағалау жөніндегі ұйымда сақталады.

22. Аттестатталатын адамдар тестілеу барысында басқа аттестатталатын адамдармен сөйлеспейді, материалдармен алмаспайды, қағаз және өзге де жеткізгіштердегі ақпаратты пайдаланбайды, тестілеу залынан шықпайды, оларға шпаргалкаларды, оқулықтар мен әдістемелік әдебиеттерді, калькуляторды, фотоаппаратты, ұялы байланыс құралдарының (пейджер, ұялы телефондар, планшеттер, ноутбуктер, плейерлер, модемдер (мобильді роутерлер), радио-электрондық байланыстың (Wi-Fi (Вай-фай), Bluetooth (Блютуз), Dect (Дект), 3G (3 Джи), 4G (4 Джи), сымы бар және сымсыз құлаққаптар және басқалары) кез-келген түрлерін аудиторияға кіргізуге және қолдануға рұқсат етілмейді.

23. Аттестатталатын адам осы Қағидалардың 22-тармағының талаптарын бұзған жағдайда, оператор мұндай адамның тестілеу процесін тоқтатады және оны тестілеу залынан шығарады.

Бұл ретте оператор бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тыйым салынған заттарды анықтау және тестілеуден шығару актісін (бұдан әрі – бұзушылық туралы акті) жасайды. Аттестатталатын адам тестілеуден өтпеген болып есептеледі, оның нәтижелері жойылады.

24. Тест тапсырмаларын орындауға 1 сағат 40 минут беріледі, көрсетілген уақыты өткеннен кейін тестілеу автоматты түрде аяқталады.

25. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік тестілеу бағдарламасының көмегімен автоматты түрде жүзеге асырылады.

26. Тест тапсырмаларының жалпы санының ішінде бірінші басшылар үшін – 70% - дан кем, басшылардың орынбасарлары үшін - 60%-дан кем дұрыс жауап жинаған кезде тестілеу нәтижесі теріс деп саналады.

27. Тестілеу аяқталғаннан кейін 30 (отыз) минуттан кешіктірмей аттестатталатын адамдарға олардың нәтижелері қолдарына беріледі және жұмыс күнінің соңына дейін денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік органға жіберіледі.

28. Тестілеуден өту кезінде теріс нәтиже алған аттестатталатын адам әңгімелесуге жіберілмейді және бастапқы аттестаттау өткізілген күннен бастап 6 (алты) айдан кейін аттестаттауға қайта тапсыруға жатады.

Аттестаттаудан қайта өтуге жататын аттестатталатын адамдар туралы шешім денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік орган басшысының не оны алмастыратын адамның бұйрығымен бекітіледі.

29. Қайта тестілеуден өтпеген аттестатталатын адамдар аттестатталмаған болып танылады.

30. Аттестатталатын адам тестілеу нәтижелерімен келіспеген жағдайда оларды қарау мақсатында тиісті мемлекеттік органдарда апелляциялық комиссиялар құрылады.

31. Апелляциялық комиссияның құрамына республикалық деңгейде уәкілетті органның, жергілікті деңгейде денсаулық сақтау басқармаларының, медициналық білім беру және ғылыми ұйымдардың өкілдері енгізіледі, сондай-ақ келісім бойынша үкіметтік емес ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіподақтардың өкілдері енгізіледі.

Апелляциялық комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 (бес) адамды құрайды. Апелляциялық комиссия мүшелерінің арасынан төраға тағайындалады.

32. Апелляциялық комиссияның құрамы тиісті мемлекеттік органның басшысының бұйрығымен бекітіледі.

33. Апелляциялық комиссияның жұмысын жұмыс органының жауапты тұлғасы немесе Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасы ұйымдастырады.

34. Апелляцияға өтініш аттестатталатын адамнан:

- 1) нақты сұрақтардың дұрыстығына;
- 2) техникалық ақауларға сілтеме жасай отырып, тестілеу нәтижелеріне;
- 3) бұзушылық туралы актіге шағымданған жағдайларда қабылданады.

35. Апелляцияға өтінішті осы Қағидалардың 34-тармағында белгіленген себептерді көрсете отырып, шекті мәннен төмен тестілеу нәтижелерін алған аттестатталатын адамның өзі жұмыс органының жауапты тұлғасына немесе Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасына береді.

36. Апелляцияға өтініш тестілеу өткеннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қабылданады және апелляциялық комиссия соңғы өтініш түскеннен кейін 3 (үш) жұмыс күн ішінде қарайды.

37. Нақты сұрақтардың дұрыстығына шағымданған кезде апелляциялық комиссия үміткерлерді тестілеудің толық нәтижелерін: аттестатталатын адам дұрыс жауап бермеген тест тапсырмаларын және оның жауап нұсқаларын қарайды.

38. Егер апелляциялық комиссия тестілеудің дұрыс емес сұрақтарының негізділігі бөлігінде аттестатталатын адамның пайдасына шешім қабылдаған жағдайда осы сұрақтар бойынша жауаптардың саны тестілеудің нәтижесіне дұрыс жауап берілген ретінде қосылады және аттестатталатын адам осы Қағидалардың 26-тармағын ескере отырып әңгімелесуге жіберіледі не бекітілген кестеге сәйкес мерзімде тестілеуді қайта тапсыруға жіберіледі.

39. Тестілеу нәтижелеріне шағым жасалған кезде жұмыс органының жауапты тұлғасы немесе Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасы бағалау жөніндегі ұйымнан, оның ішінде тестілеу кезінде қатысқан оператордан аттестатталатын адам жазған дәлелдер бойынша тиісті түсініктемелер сұратады.

Егер апелляциялық комиссия шағымының негізділігі және оның тестілеудің қалыпты жүруіне кедергі келтірген себеп-салдарлардың объективтілігі бөлігінде аттестатталатын адамның пайдасына шешім қабылдаған жағдайда апелляцияны қанағаттандыру және бекітілген кестеге сәйкес мерзімдерде оны тестілеуді қайта тапсыруға жіберу туралы шешім қабылдайды.

40. Апелляцияға алынған өтінішті қарау нәтижелері бойынша апелляциялық комиссия екі шешімнің бірін қабылдайды:

- 1) апелляцияны қанағаттандырусыз қалдыру;
- 2) үміткердің апелляциясын қанағаттандыру және әңгімелесуге жіберу;
- 3) тестті қайта тапсыруға жіберу.

41. Апелляциялық комиссияның шешімін жұмыс органының жауапты тұлғасы немесе денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғасы өтініш берушіге (телефон байланысы арқылы, оның ішінде хабарлама жіберу арқылы) жұмыс күнінің соңына дейін жеткізеді.

42. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның шешімдері хаттамалармен ресімделеді, оған осы отырысқа қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшелері қол қояды. Апелляциялық комиссияның шешімі жалпы санының үштен екісі болған жағдайда заңды болып табылады.

4-тарау. Әңгімелесуді өткізу тәртібі

43. Аттестатталатын адамдарға әңгімелесу осы Қағидаларға 3-қосымшамен бекітілген құрылым бойынша ұйымның қызметі туралы есебін презентация түрінде аттестаттау комиссиялары өткізеді.

44. Шешім қабылдау кезінде аттестаттау комиссиялары мынадай факторларды:

1) қатарынан екі жыл ішінде басым бағыттар бойынша халық денсаулығының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізбеуін;

2) орындаушылық тәртіпті бұзғаны, оның ішінде рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңнаманы бұзғаны үшін тәртіптік жазаларды (соңғы алты ай ішінде) ескереді.

45. Аттестаттау комиссиялары ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталатын адаммен әңгімелесу өткізіп, аттестатталатын адамның әңгімелесуді бағалау парағына қойған баллдарды есептеу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) аттестатталды;

2) қайта аттестаттауға жатады;

3) аттестатталған жоқ.

46. Қайта аттестаттау осы Қағидалармен айқындалған тәртіппен бастапқы аттестаттау өткізілген күннен бастап кемінде 6 (алты) айдан кейін өткізіледі.

Аттестаттау комиссиясы қайта аттестаттау қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) аттестатталды;

2) аттестатталған жоқ.

Аттестаттау кезінде теріс нәтиже алу Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабының 1-тармағы 4) тармақшасына сәйкес аттестатталатын адаммен еңбек қатынастарын бұзу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 46-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. Аттестаттау комиссияның құрамының үштен екі бөлігінен кем емес қатысқан жағдайда отырысы заңды болып табылады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

48. Аттестаттау комиссиясының отырысын өткізу кезінде бейне және (немесе) аудиозапись жүзеге асырылады

49. Аттестаттау комиссияларының шешімі аттестаттау өткізілген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде уәкілетті орган басшысының не оның міндетін атқарушы адамның бұйрығымен бекітіледі.

Аттестаттау комиссиясының шешімдері және аттестатталатын адамның қызметтік тізімі аттестаттау ісінде сақталады.

50. Аттестаттауда (тестілеуде не әңгімелесуде) дәлелді себептер бойынша (еңбекке жарамдылығын жоғалтуына байланысты аурулар, жақын туысының қайтыс болуы немесе ауыр науқастануы, қызметтік іссапар, еңбек демалысы, әскери жиындарда болуы немесе аттестатталатын адамды өзі келу мүмкіндігінен айырған басқа да жағдайлар) болмаған аттестатталатын адам жұмысқа шыққаннан кейін аттестаттауды өткізетін денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік орган айқындайтын мерзімдерде аттестаттаудан (тестілеуден не әңгімелесуден) өтеді. Болмау себептері тиісті құжаттармен расталады.

Дәлелді себептер бойынша аттестаттауға қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда аттестатталатын адам аттестаттау (тестілеу не әңгімелесу) өткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы жұмыс органының жауапты тұлғасын немесе Денсаулық сақтау басқармасының жауапты тұлғаны хабардар етеді және өтінішті және растайтын құжаттарды электрондық пошта арқылы жібереді.


Дәлелсіз себептермен аттестаттауға қатыспаған жағдайда аттестатталатын адам аттестатталмаған болып есептеледі.

51. Әңгімелесу өткеннен кейін шығарылған аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда мұндай шешімге Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 91-бабының тәртібімен шағымданады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 03.11.2025 № 134 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Денсаулық сақтау саласындағы
мамандарды кәсіптік
құзыреттілігіне аттестаттауды
жүргізу қағидаларына
I-қосымша
нысан

Аттестатталатын адамның қызметтік тізімі
I. Жеке деректер



(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

(жұмыс орны, лауазымы)

Туған күні (күні, айы, жылы)	
Туған жері	
Білімі	
Оқу орнын бітірген жылы және оның атауы	
Мамандығы бойынша біліктілігі	
Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (бар болса)	
"Қоғамдық денсаулық сақтау" мамандығы бойынша немесе клиникалық мамандық бойынша біліктілік санатының болуы	
Шет тілдерін білуі	
Мемлекеттік наградалары, құрметті атақтары (бар болса)	
Тәртіптік жазалар туралы мәліметтер	
Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер (қолдану және орындалу күні)	
Мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану туралы мәліметтер (сыбайлас жемқорлықпен тәртіптік құқық бұзушылық жасағаны туралы)	
Соңғы 5 жылда біліктілікті арттыру курстарынан өткендігі туралы мәліметтер	

Мөр орны

II. Еңбек қызметі

Күні	Лауазымы, жұмыс орны, ұйымның
қабылдау	жұмыстан босату
	орналасқан жері

Кадр қызметінің басшысы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

КОЛЫ _____ " ____ " _____ айы 20 ____ жыл

Мөр орны

III. Аттестатталатын адамға мінездеме

Мінездеме	Балдар (0-5)
Қызметтік әдепті сақтауы	
Жауапкершілігі және орындаушылығы	
Бастамашылығы	
Көшбасшылық қасиеттері және жұмысты ұйымдастыру қабілеті	

Мемлекеттік тілді білуі	
Коммуникативтілігі және командада жұмыс істей білуі	
Аттестатталатын адамды сипаттайтын басқа да мәліметтер	

Аттестатталатын адамның кәсіби және жеке құзыреттілігін бағалау бойынша кестеде оның қызметінің сипаттамасы көрсетіледі.

Қызметі 4 балдық шкала бойынша бағаланады: 5 – өте жақсы, 4 – жақсы, 3 – қанағаттанарлық, 2 – қанағаттанарлықсыз.

Қызметтік әдепті сақтауы

5 - жауапкершілік, өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі ұстай білудің жоғары дәрежесі.

4 - еңбек және орындаушылық тәртіптің талаптарын басшылыққа алады, талаптарды дұрыс орындауға тырысады.

3 - еңбек және орындаушылық тәртіп бұзушылығына жол береді, тапсырылған жұмысты орындауға немқұрайлы қарайды.

2 - еңбек және орындаушылық тәртіпті жиі бұзады, жұмысқа жауапсыз және немқұрайлы қарайды.

Жауапкершілігі және орындаушылығы

5 - жұмысты сапалы, іс жүзінде қатесіз орындайды, орындалатын жұмыстың мазмұны бойынша ақпаратты сауатты баяндай алады. Уақытын және ресурстарды пайдалана отырып, басым мақсаттар қоя алады.

4 - жұмыс сапасы қойылған талаптарға сәйкес келеді, қателер сирек кездеседі. Өз жұмысын жоспарлай алады және өз жұмыс уақытын тиімді пайдалана алады.

3 - қателер жиі кездеседі, жұмыс нәтижелері тексеруді және түзетуді талап етеді. Өз жұмысын жоспарлауда және жұмыс уақытын пайдалануда қиындықтар бар.

2 - жұмыс сапасы төмен, жұмыс нәтижелері үнемі қайта орындалады. Өз жұмысын ұйымдастыра алмайды.

Бастамашылығы

5 - өз жұмысында бастамашыл және қосымша жүктемені орындайды, жаңа тәжірибені, мәселелерді шешу әдістерін зерделейді және қолданады.

Күрделі жағдайларда шешім таба алады.

4 - қосымша тапсырмалар мен міндеттерді орындауға дайын, өз жұмысын бағалайды және оны жақсы орындауға тырысады. Жұмыс барысында туындаған проблемаларды өз бетінше шеше алады.

3 - бастамашылығы нашар, қосымша тапсырмаларды орындауға ұмтылмайды, негізінен мәселелерді басқалардың шешкенін күтеді.

Тек қарапайым тапсырмаларды ғана өздігінен орындайды.

2 - жұмысқа қызығушылық танытпайды, белсенді емес, басшының нұсқауынсыз әрекет ете алмайды.

Көшбасшылық қасиеттер мен жұмысты ұйымдастыру қабілеті

5 – алға қойылған міндеттерді дербес шеше алады және тиімді жұмыс істей алады. Қызметкерлерді тұрақты түрде функционалдық қызмет саласын жетілдіруге және дамытуға бағыттайды.

Іс-қимылдың баламалы нұсқалары анық емес немесе күмәнді болған жағдайларда стандартты емес басқару шешімдерін қабылдауға қабілетті.

4 – өзіне жүктелген міндеттерді жақсы сапалы орындайды, қызметкерлерді үнемі ағымдағы қызметтің тиімділігіне бағыттайды. Күрделі жағдайда дер кезінде шешім қабылдауға, өзіне жауапкершілік алуға қабілетті.

3 - жұмысты ұйымдастыру жүктелген функционалдық міндеттерді, тапсырмалар мен іс-шараларды толық және уақтылы орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндігі үнемі бола бермейді. Жұмыстағы кемшіліктерді баяу жояды.

Проблемаларды шешу кезінде уақыты жетпейді.

2 - жұмыста елеулі кемшіліктері бар, проблемаларды шешу дағдысы жеткіліксіз, күрделі жағдайлар туындаған кезде дұрыс шешім мен жауапкершілікті қабылдай алмайды.

Мемлекеттік тілді білуі

5 - еркін жазады және оқиды. Сөздік қоры мол. Ауыз екі тілде әңгімелесе біледі түсінеді және ақпаратты дұрыс қабылдайды. Қарым-қатынас жасай алады.

4 - сөйлемнің қарапайым құрылымдарын пайдалана отырып, әңгімені тез түсінеді. Оның сөзін адамдар түсінеді. Сөздік қоры шектеулі, бірақ оны тікелей қарым-қатынас барысында толықтыра алады.

3 - фразалардың шектеулі жиынтығын түсінеді, кез келген тақырыпта қарым-қатынас жасауы өте қиын. Сөйлеген кезде көп қателеседі.

2 - тілді мүлдем білмейді.

Коммуникативтілігі және командада жұмыс істей білуі

5 - басқа қызметкерлермен өзара іс-қимылда тиімді жұмыс істейді, өз білімімен және тәжірибесімен бөліседі.

4 - өз қызметін басқалармен үйлестіре алады, іскерлік ынтымақтастыққа дайын екендігін көрсетеді, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі.

3 - тек өз функциялары мен міндеттеріне ғана назар аударады, қажетті іскерлік ынтымақтастықтан жалтарады, командаға қолдау көрсетпейді.

2 - басқа қызметкерлермен ынтымақтастыққа ұмтылмайды, командалық жұмысқа қатысудан бас тартады. Қажет болған жағдайда мемлекеттік қызметшіні сипаттайтын қосымша мәліметтер көрсетіледі. Бұл мәліметтер еркін нысанда, балдарсыз беріледі.

Басшы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Лауазымы _____

Қолы _____

Күні _____

Мінездемемен таныстым:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қолы _____

Күні _____

Мінездемемен келіспеген жағдайда оған негіздеме:

Кадр қызметінің басшысы:

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Мөр орны

ІҮ. Ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау, оның нысаналы индикаторларына қол жеткізу (ведомстволық бағынысты ұйымдардың басшылары мен орынбасарлары үшін)

№	Құжаттың атауы, іс-шаралар	Индикатордың атауы	20___ ж. Жоспар	20___ ж. Іс-жүзінде	Жауапты орындаушы	Бағалау (қол жеткізілген жоқ-1, ішінара қол жеткізілген - 2, қол жеткізілген-3)
1.						
2.						

Ұйымның даму жоспарының іске асырылуын көрсететін индикаторларды, көрсеткіштерді көрсету.

Қол жеткізілген көрсеткіштердің, индикаторлардың жалпы саны – абс. сағ. (%)

Қол жеткізілмеген көрсеткіштердің, индикаторлардың саны - абс. сағ. (%)

Ішінара қол жеткізілген көрсеткіштердің, индикаторлардың саны - абс. сағ. (%)

Тыйым салынған заттарды анықтау және тестілеуден шығару актісі

(ұйымның атауы)

" _____ " _____ 201 _____ жыл " _____ " сағат " _____ " минут

Аудитория бойынша кезекші

(Т.А.Ә. (бар болса)

Тестіленушінің: _____

(Т.А.Ә. (бар болса)

№ _____ аудиториядан, № _____ орында тестілеу кезінде

(табылған зат (атауы, маркасы, саны)

анықталды, бұл Тестілеу өткізу қағидаларының 17, 18-тармақтарын бұзу болып табылады.

Осы фактіні ескере отырып қаулы етті:

тестілеу материалдары алынсын;

№ _____ аудиториядан шығарылсын және тестіленушінің нәтижелері жойылсын: Т.А.Ә
(бар болса)

осы актіні жасаған адамдардың қолы және Т.А.Ә.

(тестіленушінің қолы және Т.А.Ә. (бар болса)

актімен таныстым:

(ұйым басшысының қолы және Т.А.Ә. (бар болса)

Тестілеуді өткізу пунктiнiң МО

Күні: _____

Денсаулық сақтау саласындағы
мамандарды кәсіптік
құзыреттілігіне аттестаттауды
жүргізу қағидаларына
3-қосымша
нысан

Ұйымның қызметі туралы есептің құрылымы

1. Жалпы мәліметтер

Ұйымның толық атауы

Заңды мекенжайы және орналасқан жері

Ұйымдастыру құрылымы

Аккредиттеу (бар болса)

Жергілікті атқарушы органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдары

Басқа ақпарат

Штаттық саны және кадр құрамын талдау

2. Қаржылық-шаруашылық қызметті талдау

Қаржылық жай-күйі және қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері

Соңғы 3 жылдағы қаржылық көрсеткіштер

3. Дамудың стратегиялық бағыттары

Миссиясы, пайымдауы, міндеттері, стратегиялық даму бағыттары

4. Әрбір жыл үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдіктері арасында жасалған меморандумның, мемлекеттік бағдарламаның нысаналы индикаторларына қол жеткізу туралы есеп

5. Қызметтің негізгі бағыттары бойынша есеп

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану туралы есеп

Стационарлар үшін төсек қорын пайдаланудың тиімділігі, стационарлық көмекті тұтыну деңгейі, сараланған төлемді енгізу туралы есеп, қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпарат

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек үшін - жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компонентін төлеуге әсер ететін индикаторлар

6. Жұмыс жоспары

Келесі есепті кезеңге арналған жоспарлы іс-шаралар

Келесі есепті кезеңге арналған қызметтің жоспарлы көрсеткіштері

Денсаулық сақтау саласындағы
мамандарды кәсіптік
құзыреттілігіне аттестаттауды
жүргізу қағидаларына
4-қосымша
1-нысан

Аттестатталатын адамның бағалау парағы (жергілікті мемлекеттік органдардың басшылары мен орынбасарлары үшін)

Аттестаттау түрі: кезекті _____, қайта аттестаттау _____ (қажеттіні белгілеу)

(аттесталатын адамның Т.А.Ә. (бар болса)

(ұйымның атауы)

лауазымында

(лауазымның атауы)

№	Өлшемшарттар	тиімсіз (0 балл)	жеткіліксіз тиімді (1 балл)	тиімді (2 балл)
1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері арасында жасалған меморандумның іске асырылуы *			
2.	Есепті кезеңде қолданыстағы денсаулық сақтауды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында көзделген соңғы 3 жылдағы басым бағыттар бойынша х а л ы қ денсаулығының негізгі индикаторларына, көрсеткіштеріне қол жеткізу. Ұйымның қызметі туралы есепте міндетті түрде жария ете отырып,			

	динамикадағы (өткен жылдың ұқсас кезеңімен) салыстырмалы деректер **			
3.	Аумақтарды дамыту бағдарламасының іске асырылуы ***			
Қорытынды баға				

Есептеу формуласы: қойылған бағалау балдарының жиынтығы* 100 / қолданылатын балдардың жалпы (барынша жоғары) саны

Бағалау нысаны:

Бағалау	Баллдар
Тиімді	80-100%
Жеткіліксіз тиімді	50-80%
Тиімсіз	0-50%

Аттестаттау комиссиясы мүшесінің шешімі:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді/аттестатталды;
- 2) қайта аттестаттауға жатады;
- 3) атқаратын лауазымына сәйкес емес/аттестатталған жоқ.

(қысқаша пікір)

Аттестаттау комиссиясы мүшесінің Т.А.Ә. (бар болса) _____ қолы
20 жылғы " _____ " _____.

Ескертпе: аттестатталатын адаммен жеке әңгімелесуді бағалау парағы уәкілетті органның мемлекеттік бағдарламасының, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері арасында жасалған меморандумның, нысаналы индикаторларына қол жеткізуді жыл сайынғы бағалау нысаны негізінде толтырылады.

* - көрсеткіштерге 60% және одан да астам қол жеткізілген кезде "тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 30% және одан да жоғары қол жеткізілген кезде "жеткіліксіз тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 30% - дан кем қол жеткізілген кезде "тиімсіз" деп бағаланады.

** - көрсеткіштерге 90% және одан да астам қол жеткізілген кезде "тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 75% және одан да астам қол жеткізілген кезде "жеткіліксіз

тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 75% - дан кем қол жеткізілген кезде "тиімсіз" деп бағаланады.

*** - көрсеткіштерге 80% және одан да астам қол жеткізілген кезде "тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 40% және одан да астам қол жеткізілген кезде "жеткіліксіз тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 40% - дан кем қол жеткізілген кезде "тиімсіз" деп бағаланады.

2-нысан

Аттестатталатын адамның бағалау парағы (уәкілетті органға/жергілікті мемлекеттік органдарға ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары үшін)

Аттестаттау түрі: кезекті _____, қайта аттестаттау _____ (қажеттіні белгілеу)

_____ (аттесталатын адамның Т.А.Ә. (бар болса)

_____ (ұйымның атауы)

лауазымында

(лауазымның атауы)

№	Өлшемшарттар	тиімсіз (0 балл)	жеткіліксіз тиімді (1 балл)	тиімді (2 балл)
1.	Уәкілетті органмен (жергілікті мемлекеттік органмен) келісілген (бекітілген) Денсаулық сақтау ұйымын дамыту жоспарының "даму көрсеткіштері" индикаторларына қол жеткізуі)*			
2.	Ұйым бюджетінің жалпы көлемінен ғылыми қызметке бөлінген кірістер үлесі (денсаулық сақтау саласындағы			

	білім беру және ғылыми ұйымдар үшін)**			
3.	Денсаулық сақтау саласындағы білім беру және ғылыми ұйымдар басшысының Хирша индексі ***			
Қорытынды баға				

Есептеу формуласы: қойылған бағалау балдарының жиынтығы * 100 / қолданылатын балдардың жалпы (барынша жоғары) саны

Бағалау нысаны:

Бағалау	Балдар
Тиімді	80-100%
Жеткіліксіз тиімді	50-80%
Тиімсіз	0-50%

Аттестаттау комиссиясы мүшесінің шешімі:

- 1) атқаратын лауазымына сәйкес келеді/аттестатталды;
- 2) қайта аттестаттауға жатады;
- 3) атқаратын лауазымына сәйкес емес/аттестатталған жоқ.

(қысқаша пікір)

Аттестаттау комиссиясы мүшесінің Т.А.Ә. (бар болса)

қолы

20 жылғы " _____ " _____.

Ескертпе: Аттестатталатын адаммен жеке әңгімелесуді бағалау парағы ұйымның соңғы 3 жылдағы қызметі туралы есептің таныстырылымының нысаны және қызмет туралы есептің құрылымына сәйкес алдағы үш жылдық кезеңге арналған жоспарлар негізінде толтырылады.

* - көрсеткіштерге 90% және одан да астам қол жеткізілген кезде "тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 75% және одан да астам қол жеткізілген кезде "жеткіліксіз тиімді" деп бағаланады; көрсеткіштерге 75% - дан кем қол жеткізілген кезде "тиімсіз" деп бағаланады.

** - жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізу кезінде ұйым басшысының қызметі " тиімді" деп бағаланады, қол жеткізілмеген жағдайда "тиімсіз" деп бағаланады.

*** - Хирша индексіне 2 және одан да астам балға қол жеткізілген кезде "тиімді" деп бағаланады; 2 балдан кем қол жеткізілген кезде "жеткіліксіз тиімді" деп бағаланады ; Хирша индексіне қол жеткізілмеген кезде "тиімсіз" деп бағаланады.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2020 жылғы 14 қазаны
№ ҚР ДСМ-130/2020
Бұйрыққа 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір күшін жойған бұйрықтардың тізімі

1. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 660 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5906 болып тіркелген , Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында 2010 жылы № 2 жарияланған).

2. "Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 660 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 369 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9634 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 11 тамызда жарияланған).

3. "Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 660 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 258 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11187 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 маусымда жарияланған).

4. "Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттауды өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2009 жылғы 6 қарашадағы № 660 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 мамырдағы № ҚР ДСМ-52/2020 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20690 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне 2020 жылғы 25 мамырда жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК